

Райханова Г.А., э.ғ.к., доцент
Жакина Г.Е., э.ғ.м., аға оқытушы
Таттымбетова Қ.Т. э.ғ.м., аға оқытушы
(академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ)

«ҚАРАҒАНДЫ ЭЛЕКТРОТЕХНИКАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАР ЗАУЫТЫ» АҚ-НЫҢ ӨНІМДЕРІН ДАМУЫ ЖӘНЕ ЖЕТІЛДІРУ ЖОЛДАРЫ

Қоғам мен энергетикалық нарық ойыншылары «жасыл» энергетиканы дамыту қажеттігі жайлы жиі айтып жүр. Ал дамыған елдер болса экономиканы «жасылдандыру» мақсатында салаға қомақты қаражат салып жатыр. Дегенмен баламалы қуат көздеріне деген басымдық тек соңғы 5 жылда ғана беріліп келеді дейді мамандар. Қазіргі таңда елімізде Ресей, Қытай, Иран, Түркия, АҚШ, Ұлыбритания және тағы басқа мемлекеттердің қатысуымен құрылған компаниялар жұмыс істейді. Бүгінгі бағдарлама сол инвесторлардың «жасыл» технологияларға деген қызығушылығы жайында болмақ.

Салыстырмалы аналитикалық баланс бойынша есеп беру кезеңінде қаржы жағдайын және оның өзгеруін бағалауды бастапқы пункт құрайды, одан кәсіпорынның қаржылық қызметінің әрі қарайғы талдауы қисынды дамуы тиіс.

Кәсіпорынның қаржылық жай-күйі қаражаттарды орналастыру мен және пайдаланумен, оның қалыптастырған көздерінің қозғалысымен сипатталады. Осы мәліметтер кәсіпорын балансында ұсынылған.

Қаржылық жай-күйді анықтаушы негізгі факторлар, біріншіден, қаржылық жоспарды орындау мен қажеттіліктің туындау шамасы бойынша өзінің айналымдық капиталын пайда есебінен толтырып отыру және екіншіден қаражаттың (актив) айналымдылық жылдамдығы болып табылады.

Негізінен қаржылық жоспардың орындалысы жалпылама өндірістік және шаруашылық істердің нәтижелеріне байланысты болатындықтан, шаруашылық факторларының жиынтығы өте қорытындылаушы көрсеткіш болып табылады. Демек, қаржылық нәтижелер мен олардың пайдаланылуы туралы есеп беру қаржылық жағдайға талдау жасау үшін де тартылады. Кәсіпорынға тиесілі құны бар және баланстың активінде сипатталғандардың барлығы оның активтері деп аталады.

Баланс активі кәсіпорынның қарамағындағы бар капиталдың қозғалысы туралы мәліметтерді қамтиды, яғни нақты бір мүлікке және материалдық құндылықтарға оның салымдары туралы, кәсіпорынның өнімді өндіруге және сатуға кеткен шығындары туралы, және бос қаржылардың қалдығы туралы мәліметтерді қамтиды[1].

Осындай талдаудың жүргізілуінің қажеттігін және мақсатқа сәйкестігін негіздейтін екі себеп бар: бір жағынан – салыстырмалы көрсеткіштерге ауысу қолданылатын ресурстар шамасымен және басқа да көлемдік көрсеткіштер бойынша айырылатын кәсіпорын қызметінің нәтижелері мен экономикалық потенциалды шаруашылық аралық салыстыруларды жүргізуге мүмкіндік береді, ал басқа жағынан - салыстырмалы көрсеткіштер белгілі бір дәрежеде қаржылық есептің абсолюттік көрсеткіштерін анағұрлым бұрмалайтын және сонысымен серпіндегі олардың салыстырылуын қиындататын инфляциялық үрдістердің теріс әсерін жояды. Активтерді толығымен және олардың жекелеген топтамаларын талдау олардың ұтымды таратылуы туралы түсінуге мүмкіндік береді. Салыстырмалы аналитикалық баланстың тамашалығы сондай, ол баланспен алғашқы танысу кезінде кез келген аналитик әдетте жүзеге асыратын есептеулерді бір жерге жинақтайды және жүйелейді және кәсіпорынның негізгі қаржылық көрсеткіштерін көлденең және тік талдауын жүргізу бойынша жұмыстарды жеңілдетуге мүмкіндік береді. Көлденең талдау мен есеп беру кезеңіндегі көрсеткіштердің өзгеруін, ал тік талдау – кәсіпорын балансының жалпы қорытындысындағы (валютада) көрсеткіштердің меншікті салмағын сипаттайды. «Қарағанды электротехникалық жабдықтар зауыты» АҚ-ның бухгалтерлік балансы негізінде құрылған салыстырмалы

аналитикалық баланс қосымша ұсынылған, 01.01.2016 жылдың жағдайы бойынша кестеде келтірілген.

Кәсіпорынның балансының активтері мен пассивтерінің қалыптастыру көздері 1 кестеде ұсынылған. Кәсіпорынның балансы 2014 жылы 803 919 930 теңгені құраса, 2015 жылы 981 444 948 теңгені құрап отырғанын көреміз, яғни 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда біршама өскені байқалады ал үлес салмағы бойынша бұл көрсеткіш 18,09 пайызды құрайды.

1-кестеден баланстың едәуір бөлігін қорлар құрайды яғни 2014 жылы 55,58 пайыз ал 2015 жылы 62,20 пайызды құрап отыр. Қорлардың 2014 жылмен салыстырғанда 2015 жылы 163 581 669 теңгеге өскенін көреміз.

Кәсіпорын балансының ең аз бөлігін материалдық емес активтер құрап отыр, 2014 жылы көрсеткіш 0,21 пайыз болса келесі жылы 0,14 пайызды көрсетіп -318 744 теңгеге кемігенін көреміз. - баланстың пассив бөлімі сырттан тартылған капиталдың айтарлықтай үлес салмағымен сипатталады.

2014 жылы меншікті капитал үлесі 32,64 пайызды көрсетеді ал 2015 жылы меншікті капитал үлесі 27,69 пайызы құрады, бұл жерден кәсіпорынның меншікті капиталының 2015 жылы 4,95 пайызға кемігенін көреміз.

Кесте

Кәсіпорынның ағынды активтері мен пассивтерінің өтімділік көрсеткіштері 2014- 2015

жыл

Көрсеткіштер атауы	2014 жыл		2015 жыл		Ауытқуы,+/-
	жалпы теңге	саны, %-бен	жалпы теңге	саны, %-бен	
1	2	3	4	5	6
Активтер барлығы	803919930	100	981444948	100	177525018
Қысқа мерзімді активтер	513268434	63,85	737768738	75,17	224500304
Ақша қаражаттары және эквиваленттері	14965214	1,86	10452959	1,07	-4512255
Қысқамерзімді дебиторлық қарыз	36487503	4,54	96150198	9,80	5966265
Қорлар	446851301	55,58	610432970	62,20	163581669
Басқада қысқамерзімді активтер	14964416	1,86	20732611	2,11	5768195
Ұзақ мерзімді активтер	290651496	36,15	243676210	24,83	-46975286
Негізгі қорлар	288925224	35,94	242075482	24,67	-46849742
Материалдық емес активтер	1726272	0,21	1407528	0,14	-318744
Инвестициялар			193200	0,02	-
Пассивтер, барлығы	803919930	100	981444948	100	177525018
Қысқа мерзімді міндеттемелер	356265387	44,32	476910317	48,59	120644930
Міндетті салықтар	17933638	2,23	5974914	0,61	-11958724
Басқа да міндетті төлемдер	5552537	0,69	8418802	0,86	2866265
Қысқамерзімді кредиторлық берешек	332779212	41,39	462516601	47,13	129737389
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	185255554	23,04	232724226	23,71	47468672
Капитал	262398989	32,64	271810405	27,69	9411416
Акционерлік капитал	45950000	5,72	45950000	4,68	0
Резервтер	115746095	14,40	115746095	11,79	0
Бөлінбеген кіріс	100702895	12,53	110114310	1,22	89688585

«Қарағанды элетротехникалық жабдықтар зауыты» АҚ - Қарағанды электртехникалық жабдықтар зауыты өз саласында ең ірі кәсіпорындардың бірі болып есептеледі. Зауыт жүйелі түрде, тұтынушыларды тауар үлгілерімен таныстыру және келісім шарттарға отыру мақсатымен, өз өнімдерінің көрмелерін ұйымдастырады. Қазіргі кезде ол ғылыми-техникалық прогреспен бірге үдемелі түрде дамуын жалғастыруда. Жыл сайын электртехникалық өнімнің 50 шақты жаңа түрі меңгеріледі. Зауыт «Арселор Миттал» АҚ, «Корпорация «Қазахмыс» АҚ, «КазТрансОйл» АҚ, Донской ГОК, «АктобеМунайГаз» АҚ және т.б. ірі құрылыс және өнеркәсіп ұйымдарымен, Астаны, Алматы, Павлодар, Атырау, Аксай және басқа да кәсіпорындармен тығыз қарым-қатынаста [2].

Бұл зауыт – қарқынды дамып келе жатқан кәсіпорындардың бірі. Мұнда жыл сайын электротехникалық бағыттағы жаңа өнімдердің 50 тарта түрі игеріледі.

Номенклатурасында 400-ден аса өнім түрлері бар. Ескірген құрал-жабдықтар кезең-кезеңімен жаңартылып, жаңғыртылып келеді. Сонымен қатар, бүгінгі күні мұнда ыстықтай мырыштау цехының құрылысы жүргізіліп жатыр.

Ол биылғы жыл соңына дейін іске қосылмақшы. Мұнда бөлек заманауи энергия үнемдеуші технологияларды пайдалана отырап, жел-генераторлық қондырғылар дайындау жобасы да жүзеге асырылуда.

Санаулы айлардан соң, халықаралық ЕКСПО көрмесі басталады. ЭКСПО көрмесіне баламалы қуат көздерін дамытуды талап етеді. ЭКСПО-2017 халықаралық көрме адамзаттық деңгейде энергия тапшылығын жою мәселелеріне оң ықпал етуді көздейді[3]. Қазақстан алдағы төрт жылда болашақтың қуат көздерін пайдалануда бастамашыл болуы тиіс. Қазақстанда күн панельдерін, жел энергетикасы құрылғыларын шығаратын зауыт салынып жатыр. Енді «жасыл» экономиканы қалыптастыруға мемлекет те, жеке кәсіпкерлік те өз үлестерін қосуы тиіс. Сонда қазіргі экономикалық өсім қарқыны сақталып, оны тұрақтандыру шарты орындалады.

Әдебиеттер

1. «Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
2. Аманбаев А.А. Экономика предприятия: Учебное пособие, 2012.
3. Қазақстанның ЕХРО көрмелеріне қатысуы туралы мәліметтер // kk.wikipedia.org